

# AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№39 (7929)

Жұма  
22 қыркүйек  
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shygady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдаудың негізгі мазмұны ел экономикасын одан әрі дамытуға бағытталған. Президент жаңа экономикалық жүйеге көшу кезеңінде алдымен еліміздің

## Адал еңбек берекелі қоғамға бастайды

оған қандай мүмкіндіктері мен әлеуеті бар екенін, қандай тәжірибеге сүйеніп, экономиканың қай секторын дамыту арқылы қол жеткізуге болатынын зерделеп, тоғыз нақты бағыттар бойынша тапсырмалар берді.

Қазақстан экономикасының жаңа парадигмасы өндірістің барлық негізгі факторлары – еңбек, капитал, ресурстар мен технологиялардың әлеуетін тиімді пайдалануға негізделді.

Бұл бастамалар экономика салаларының жұмыс істеу механизмін толығымен өзгертетінін айрықша атаған жөн. Атап айтқанда, атқарушы билік, орталық және өңірлер жүйесіндегі өзара қарым-қатынастар логикасы қайта қаралды. Салықтық ынталандырудың, нормативтік және құқықтық реттеудің жаңа шаралары енгізіледі. Бұл ретте Жолдауда жалақыны арттыру, жұмыспен қамтуды, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім алуға теңдікті және аза-

маттық құқықтарды іске асыру сияқты әлеуметтік сипаттағы бастамаларға да ерекше назар аударылды. Президент ұсынған жаңа экономикалық модель қаржы-экономикалық секторды реформалауды ғана емес, сонымен бірге адами капиталдың табиғи дамуын да қамтиды. Ұсынылған барлық жобалар егжей-тегжейлі есептеулер мен зерттеулерге негізделгенін түсіну маңызды. Бұл шаралар Президенттің мемлекет өмірінің барлық салаларында нақты реформаларды жүзеге асыруға бағытталған стратегиялық бағыт.

Жалпы, Жолдауда жүзден астам түрлі идеялар мен ұсыныстар бар, бастысы,

республика тұрғындарына, кәсіпкерлер мен топқа, мемлекетті басқарушы әкімшілік қызметкерлеріне іс-қимыл еркіндігі мен мүмкіндіктер беріледі. Десе де, әрбір сала өкілдері мен азаматтардың түрлі топтары арасында өзара сенім мен түсіністік болуы шарт. Сондай-ақ, Президент «мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда, экономикалық еркіндікті қолдайтынын» атап өтті. Экономикалық еркіндік дегеніміз, республикадағы әрбір аймақтың мемлекеттің мүддесі мен қауіпсіздігіне қатысты жеке міндеттер мен нақты жауапкершілік алу екендігін де қаперде ұстаған жөн. Әділетті мемлекеттің негізі – бірлік пен біртұтастықта. Ар-ұждан алдындағы адал еңбек пен ұрпақтар сабақтастығы берекелі қоғамға бастайтыны айқын.

**М.Қақабаев,**

**Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы.**

## Шикізатты өз елімізде өңдеуге басымдық беріледі

Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық арнауында отандық экономиканың драйверлерінің бірі ретінде өңдеу өнеркәсібіне ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы атап өткендей, өнеркәсіптік негізді қалыптастыру кезінде өзіміздің шикізатты, кадрлар мен тауарларды, басқаша айтқанда, өзімізде не бар, соны барынша пайдалану маңыздылығын айтты.

Айталық, кейбір отандық өндірушілер өзімізде бола тұра шикізатты сырттан алады. Себебі, өзімізде қымбатқа түседі немесе басқа да себептері бар. Ол үшін елімізде тиімді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және Қазақстан аумағында өнеркәсіпті оқшаулау үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Бұл тұрғыда қазіргі уақытта негізінен шетелде жүзеге асырылатын табиғи ресурстарды қайта өңдеуді ел аумағында іске асыру перспективалық шешім. Осылайша, Үкіметтің алдында ғылыми-техникалық базасымен шетелдік компанияларды табиғи қазбаларды қайта өңдеуді Қазақстан аумағына көшіруі үшін қолайлы жағдайлар жасау және ынталандыру міндеті тұр. Мұндай формуланың ел экономикасына тиімділігі орасан. Атап айтқанда, жергілікті халық тұрақты жоғары жалақы төлеуінің жұмыс орындарына ие болады, шетелдік инвесторлар шикізат логистикасына шығындарды қысқартады, мемлекет үшін салық түсімдерінің көлемі ұлғаяды. Мемлекет басшысы атап өткендей, олар әлеуметтік саясатқа (жайлы мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салуға) бағытталады. Сонымен бірге, мұнда өңдеу өнеркәсібі үшін шикізаттың жеткілікті көлемін қамтамасыз етуге назар аудару өте маңызды. Өйткені кәсіпорынның тұрақты жұмысы үшін шикізатты үздіксіз жеткізу қажет. Бұл мәселеде тиімді баға белгілеу маңызды. Өйткені тенгерімсіздік немесе басқа кәсіпорындарға зиян келтіретіндей, кейбіреулер үшін негізсіз жеңілдікті шарттар болмауы керек. Мемлекет басшысы ықтимал шығындарды түсініп, Үкімет жұмысының осы бағытын ерекше атап өтті.

**Қ.Қадырберлин,**

**«Айнабұлақ» шаруа қожалығының жетекшісі.**

### \*Аудан әкімдігінде

## Әділетті қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы тиіс

«...Біз құрып жатқан әділетті қоғамда еңбек адамы ең бірінші орында тұруы керек деген ұғымды жастарымызға түсіндіру қажет. Себебі, отаншылдық дегеніміз – ең алдымен, іскерлік, еңбекқорлық...».

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.**

ҚР Президентінің 2013 жылғы 22 қарашадағы Жарлығымен жұмысшы мамандықтарына құрмет көрсету дәстүрлерін жаңғырту және ерте жастан еңбектің маңыздылығын түсіну мақсатында қыркүйектің соңғы жексенбісі «Еңбек күні» болып белгіленді.



тыс қалмауы қажет.

Еңбек күні қарсаңында өңірімізде түрлі шаралар ұйымдастырылып, әр салада қажырлы еңбек етіп жүрген мамандар мен ардагерлерге құрмет көрсету дәстүрге айналған.

Күні кеше аудан әкімі Руслан Кенжебеков «Адал азамат – адал еңбек»

айдары аясында Ақтоғай ауылының тұрғыны Анарбек Төребековтің шаңырағына барып, айтулы күнмен құттықтап қайтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда да, халыққа арналған Жолдауларында әрдайым кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы және елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам бо-

Содан бері айтулы мереке елімізде оныншы рет аталып өткелі отыр. Кәсіби мерекені тойлаудағы мақсат – жастарды еңбекке үйрету, еңбекпен есімі еленген жандарды көпке үлгі ете отырып, беделін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, жұмысшы кәсіптерін танымал қылып, жастарды өндіріс саласына тарту басты назардан

луға тиіс екендігін айтып келеді. Бұл мереке адал еңбегімен еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген еңбеккерлерге көрсетілген құрметтің көрінісі, – деп бар ғұмырын қажырлы еңбек пен елінің өсіп-өркендеуіне арнаған еңбек ардагеріне құрмет көрсетіп, жылы лебізін білдірді.

**Думан Амангелдіұлы.**

## Кәмелетке толмағандардың құқығы қорғалуы тиіс

Кеше аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжоловтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Отырысқа кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері, білім беру ұйымдарының директорлары мен мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібінде «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу туралы», «Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қабылданатын шаралар туралы», «Оқушылардың мектепке қамтылуы», «Кәмелетке толмағандар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру туралы» тақырыптарда ақпарат тыңдалды.

Комиссия төрағасы тиісті лауазым иелеріне кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу жөніндегі шараларды күшейтуге, психологтың өгей әкелерімен бірге тұратын әлеуметтік осал және толық емес отбасылардан шыққан балалармен жұмыс жүргізуін, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүргізуді тапсырды.

**Өз тілшімізден.**

